

Мәслихаттың 2013 жылғы 5 наурыздағы № 114 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 23 сәуірдегі № 124 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 сәуірде № 4110 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 16 қазандағы № 169 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 16.10.2013 № 169 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 5 наурыздағы № 114 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4076 тіркелген , 2013 жылғы 12 сәуірдегі "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешім келесі мазмұндағы 1-тармағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, бір жолғы, бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде."

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

келесі мазмұндағы 2-тармағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ жеңілдіктер мен

кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай:

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат."

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс

сессия төрағасы

Ж. Құсайынов

Аудандық

мәслихат хатшысы

Ә. Саматов

КЕЛІСІЛДІ:

"Аманкелді аудандық жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ М. Тобағабулов

"Аманкелді ауданының экономика

және бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ М. Сакетов